



2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11-2-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылдың 03 қаңтарында N 2801 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихат аппаратының 2013 жылғы 30 желтоқсандағы N 01/11-319 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихат аппаратының 30.12.2013 N 01/11-319 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 73, 75-баптарына, «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 8/99-V Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2013 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 2978232,3 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 729135 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 6789,4 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 22166 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 2220141,9 мың теңге;
- 2) шығындар – 3081344,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 41448 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 46737 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 5289 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге,
с о н ы ң і ш і н д е :
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -144560,2 мың теңге;
б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 144560,2
м ы ң т е ң г е .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 22.02.2013 N 12-2-V; 30.04.2013 № 14-2-V; 17.07.2013 № 16-2-V; 19.08.2013 № 17-3-V; 06.11.2013 № 18-2-V; 13.12.2013 № 19-2-V шешімдерімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 8/99-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес аудан бюджетіне 2013 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан табысты бөлу нормативтері 100 % мөлшерінде есепке алынсын.

3. «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 8/99-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес аудан бюджетіне 2013 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан табысты бөлу нормативтері 100 % мөлшерінде есепке алынсын.

4. Аудандық қазынашылық басқармасы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген нормативтер бойынша аудан бюджетіне кірістер сомасын есепке а л у д ы ж ү р г і з с і н .

5. Облыстық бюджеттен 2013 жылға арналған аудан бюджетіне берілетін сомасы 1334226 мың теңге бюджеттік субвенцияның көлемі есепке алынсын.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 238-бабының 2, 3 тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің, осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкалармен салыстырғанда кемінде

жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.

7. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2013 жылға арналған резерві 2052 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 30.04.2013 № 14-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. 4 қосымшаға сәйкес 2013 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

9. Аудандық бюджетте облыстық бюджеттен шығындарды өтеуге 507048 мың теңге сомасында трансферттер көзделгені есепке алынсын.

10. Аудандық (қалалық) мәслихаттардың тексеру комиссияларының таратылуына және «Облыстың тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің құрылуына байланысты 2162 мың теңге сомасында облыстық бюджетте аудандық бюджеттен трансферттер сомаларын қайтару көзделсін.

11. 31672,0 мың теңге – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 06.11.2013 № 18-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Аудандық бюджетте ағымдағы мақсатты трансферттер облыстық бюджеттен 50494 мың теңге көзделсін, соның ішінде:

халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз етуге 2375 мың теңге;

жалпы білім беретін мектептердегі типтік залдарды жарықтандыруға 3033 мың теңге;

85086 мың теңге – Белағаш - Коростели су өткізуді ағымдағы жөндеуге облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты ағымдағы нысаналы трансферттер;

606,0 мың теңге – жалпы білім беретін мектептер үшін оқу-әдістемелік кешен сатып алуға облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттер.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 30.04.2013 № 14-2-V; 19.08.2013 № 17-3-V; 06.11.2013 № 18-2-V шешімдерімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 25543,9 мың теңге – сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық

бюджеттен бөлінген нысаналы трансфертер.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 06.11.2013 N 18-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 22.02.2013 N 12-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Аудандық бюджетте республикалық бюджеттен сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 58184 мың теңге сомасында мақсатты трансферттер көзделгені ескерілсін.

16. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы мақсатты трансферттер мынадай мөлшерде көзделсін:

33635,0 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шараларды өткізу;

8253 мың теңге – мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

31595 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

8581,0 мың теңге – 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

8194 мың теңге – негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға;

387,0 мың теңге – үйде оқитын мүгедек балаларды құрал-жабдықпен, бағдарламалық қамтумен қамтамасыз етуге;

4156 мың теңге – арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуді іске асыруға;

17427 мың теңге – жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері;

16741 мың теңге – мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбишілеріне біліктілік санаты үшін үстемақы мөлшерін ұлғайтуға;

7656,0 мың теңге – үш сатылық жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

13465 мың теңге – жергілікті атқарушы органдардың штат санының өсіруге.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 17.07.2013 № 16-2-V; 13.12.2013 № 19-2-V шешімдерімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Аудандық бюджетте республикалық бюджеттен жобаларды іске асыру, сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жергілікті басқару өзін-өзі басқаруды мемлекеттік қолдауға 30859 мың теңге сомасында ағымдағы

мақсатты

трансферттер

көзделсін.

18. алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 22.02.2013 N 12-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

19. 2013 жылға аудандық бюджетте ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік саладағы мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 46737 мың теңге республикалық бюджеттен несиелер түсімінің құрамында есептелсін;

20. 2013 жылға арналған «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты» 123 бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығындар көлемі келесі мақсаттарға бекітілсін:

181054,2 мың теңге – қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз етуге (5 қосымша);

165 мың теңге - ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыруға (6 қосымша);

141 мың теңге - жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеуге (7 - қосымша);

56435,0 мың теңге – аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге (8 қосымша);

10189,0 мың теңге – мемлекеттік органдардың күрделі шығыстарына (9 қосымша);

511 мың теңге – елді мекендердің көшелерін жарықтандыруға (10 қосымша).

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 22.02.2013 N 12-2-V; 30.04.2013 № 14-2-V; 17.07.2013 № 16-2-V; 06.11.2013 № 18-2-V шешімдерімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

21. Осы шешім 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

аудандық мәслихаттың хатшысы

Сессия төрағасы,
У. Майжанов

Бородулиха аудандық мәслихатының
2012 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 11 - 2 - V шешіміне

1 қосымша

2013 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 13.12.2013 N 19-2-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Сана ты	сыны бы	ішкі сыны бы	ТАБЫСТАРДЫҢ АТАУЫ	С о м а с ы (мың теңге)
			I. КІРІСТЕР	2978232,3
1			Салықтық түсімдер	729135
	01		Табыс салығы	302816
		2	Жеке табыс салығы	302816
	03		Әлеуметтік салық	200500
		1	Әлеуметтік салық	200500
	04		Меншікке салынатын салықтар	200948
		1	Мүлікке салынатын салықтар	110695
		3	Жер салығы	3800
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	65953
		5	Бірыңғай жер салығы	20500
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	21191
		2	Акциздер	3600
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8500
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8603
		5	Ойын бизнесіне салық	488
	08		Зандық мәнді іс-әректтерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3680
		1	Мемлекеттік баж	3680
2			Салықтық емес түсімдер	6789,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1323,4
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1250
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	8,4
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	65
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар өндіріп алулар	766
	06		Басқа салықтық емес түсімдер	4700
		1	Басқа салықтық емес түсімдер	4700
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22166

	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2900
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	19266
		1	Жерді сату	18466
		2	Материалдық емес активтерді сату	800
4			Трансферттердің түсімдері	2220141,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2220141,9
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2220141,9

Фтоп	К . фун	Әкім	бағд	АТАУЫ	С о м а с ы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	3081344,5
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	321979,2
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	287957,2
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15335
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15104
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	231
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	81379
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	74471
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6908
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	191243,2
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	181054,2
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10189
	2			Қаржылық қызмет	18884
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18884
			001	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17812
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	512
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	472

		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	88
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	13008
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	13008
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (областық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12760
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	248
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	2130
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2130
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	2130
02			Қорғаныс	9773
	1		Әскери мұқтаждар	5686
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5686
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5686
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	4087
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4087
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3873
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	214
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	807
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	807
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	807
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	807
04			Білім беру	1824557
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	92570
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	92570
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	55016
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	37554
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1600271
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1600271

		003	Жалпы білім беру	1560354
		006	Балаларға қосымша білім беру	39917
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	131716
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	131716
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16320
		002	Ақпараттық жүйелер құру	1600
		005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	15678
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	19
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3509
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17427
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықтармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен қамту	387
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	74401
		068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	2375
05			Денсаулық сақтау	165
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	165
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	165
		002	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	165
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	192534
	2		Әлеуметтік көмек	166762
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	166762
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	23869
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	15552
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	7783
		006	Тұрғын үй көмегі	13400
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	43195

		010	Үйден тәрбиленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4162
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	14660
		015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	31701
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	9474
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	2025
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	941
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	25772
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	25772
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24900
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	774
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	98
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	299627,9
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	34784
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	20144
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	10180
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	9964
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	14640
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	14640
	2		Коммуналдық шаруашылық	196312,9
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	98536
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	89036
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	9500

		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	97776,9
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	97776,9
	3		Елді-мекендерді көркейту	68531
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	652
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	511
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	141
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	67879
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	28735
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	8684
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	30460
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	152959
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	46075
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	46075
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	46075
	2		Спорт	25551
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	11475
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	2946
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1698
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6831
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	14076
		008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	14076
	3		Ақпараттық кеңістік	44128
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	28922
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	21923
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	6999
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15206
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	15206

9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	37205
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	12902
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9173
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	54
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3675
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15277
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10302
		003	Жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыру	4361
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	114
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	500
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	9026
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8946
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	80
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	77975,2
	1		Ауыл шаруашылығы	31638,2
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	8253
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	8253
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	6552,4
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	6552,4
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	16832,8
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16778,8

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	54
6			Жер қатынастары	12702
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	12702
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12148
		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	500
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	54
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	33635
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	33635
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	33635
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	16962,1
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	16962,1
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	16962,1
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11079,5
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	5800
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	82,6
12			Көлік және коммуникация	119980
	1		Автомобиль көлігі	119980
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	56435
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	56435
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	63545
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	63545

13			Басқалар	59216
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	9121
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9121
			001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8907
			004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	214
	9		Басқалар	50095
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	50095
			001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12909
			013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6327
			040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	30859
14			Борышқа қызмет көрсету	8,4
	1		Борышқа қызмет көрсету	8,4
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	8,4
			013 Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	8,4
15			Трансферттер	4800,7
	1		Трансферттер	4800,7
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4800,7
			006 Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2638,7
			024 Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2162
			III. Таза бюджеттік кредит беру	41448
			Бюджеттік кредиттер	46737
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	46737
	1		Ауыл шаруашылығы	46737

	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	46737
		006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	46737
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	5289
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	5289
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	5289
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сельдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V.Бюджет (профицит) тапшылығы	-144560,2
			VI.Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру	144560,2
7			Қарыздар түсімі	46737
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	46737
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	46737
16			Қарыздарды өтеу	5289
	1		Қарыздарды өтеу	5289
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	5289
		008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	5289
8			Бюджет қаражаттарының қалдықтарын пайдалану	103112,2
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	103112,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	103112,2

**Бородулиха аудандық мәслихатының
2012 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 11 - 2 - V шешіміне**

2 қосымша

2014 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	сыныбы	ішкі сыныбы	Табыстардың атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. КІРІСТЕР	2912500
1			Салықтық түсімдер	777511
	01		Табыс салығы	328000
		2	Жеке табыс салығы	328000
	03		Әлеуметтік салық	231100
		1	Әлеуметтік салық	231100
	04		Меншікке салынатын салықтар	194675
		1	Мүлікке салынатын салықтар	106770
		3	Жер салығы	4368
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	60537

		5	Бірыңғай жер салығы	23000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	17370
		2	Акциздер	3260
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7600
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5940
		5	Ойын бизнесіне салық	570
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6366
		1	Мемлекеттік баж	6366
2			Салықтық емес түсімдер	1300
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1300
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1300
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	4000
		1	Жерді сату	4000
4			Трансферттердің түсімдері	2129689
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2129689
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2129689

Ф топ	К . фун	Әкім	бағд	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	2912500
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	293024
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	261658
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15490
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15360
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	76157
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	75857
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	170011

		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	169011
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1000
	2		Қаржылық қызмет	18827
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18827
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18150
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	547
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	100
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	12539
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12539
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12509
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30
02			Қорғаныс	7082
	1		Әскери мұқтаждар	5692
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5692
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5692
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1390
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1390
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1170
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	220
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	970
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	970

		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	970
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	970
04			Білім беру	1682639
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	45400
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	45400
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	45400
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1564543
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1564543
		003	Жалпы білім беру	1523338
		006	Балаларға қосымша білім беру	41205
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	72696
